

22 **New Tools for the Integration of Transversal Skills in Modern Teaching Practice (TRANSMOD) (Romania, Iceland and Norway)**. Available at: <https://www.boostskills.eu/files/5-transversal-skills-development-in-modern.pdf> (accessed 13 March 2025).

23 **Otarova T.N. Transversal'dy kuzyrettilik: bilim беру zhuesindegi manyzdylygy** [Transversality: its significance in the education system]. *QazUU Habarshysy. Pedagogikalyk gylymdar seriyasy*, 2021, vol. 66, no. 1, pp. 20-27. DOI: <https://doi.org/10.26577/JES.2021.v66.i1.02>. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәліметтер:

Асылбекова Марзия Пазыловна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010008 Астана қ., Сатпаев көш. 2, тел.: 87172709500, e-mail: marziya_asylbekova@mail.ru.

Санатбай Перизат Айбекқызы – PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010008 Астана қ., Сатпаев көш. 2, тел.: 87474246746, e-mail: sanatbayperizat@mail.ru.*

Батанасова Бақытгүл Ергалиқызы – PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010008 Астана қ., Сатпаев көш. 2, тел.: 87016532614, e-mail: b.ergalievna@mail.ru.

Асылбекова Марзия Пазыловна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 010008 г. Астана, ул. Сатпаева 2, тел.: 87172709500, e-mail: marziya_asylbekova@mail.ru.

Санатбай Перизат Айбекқызы – PhD докторант, Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 010008 г. Астана, ул. Сатпаева 2, тел.: 87474246746, e-mail: sanatbayperizat@mail.ru.*

Батанасова Бақытгүл Ергалиқызы – PhD докторант, Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 010008 г. Астана, ул. Сатпаева 2, тел.: 87016532614, e-mail: b.ergalievna@mail.ru.

Assylbekova Marzia Pazylovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, 2 Satpayev Str., tel.: 87172709500, e-mail: marziya_asylbekova@mail.ru.

Sanatbay Perizat Aibekkyzy – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, 2 Satpayev Str., tel.: 87474246746, e-mail: sanatbayperizat@mail.ru.*

Batanassova Bakytgul Yergalikyzy – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, 2 Satpayev Str., tel.: 87016532614, e-mail: b.ergalievna@mail.ru.

XFTAP 14.01.21

ӨОЖ 303

<https://doi.org/10.52269/KGTD253247>

ЖОБАНЫ ОРЫНДАУ САПАСЫ: СТУДЕНТТЕР КӨЗІМЕН

Ахметова Г.Е. – философия докторы, қауымдастырылған профессор, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.*

Әли М.Т. – профессордың ассистенті, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасы, студенттердің оқу сапасын арттыру мақсатында әр түрлі оқыту әдістерін қолдануды жалғастырып келеді. Студенттердің жоба дайындау тәжірибесі, қиындықтар мен мүмкіндіктер аясында тақырыптар зерттеліп бас-талған. Осы тақырыпты одан әрі тереңдей зерттеу мақсатында студенттердің өз жобаларын өздері қалай бағалайтынын зерттегіміз келді. Олардың «біз жобаны жақсы орындап шықтық» деген пікірдің астында қандай сенімділік бар екенін; не болмаса «көңілден шықпады» деген пікір не себептен айтылатынын анықтауды жөн көрдік. Сол себептен, зерттеудің мақсаты, студенттердің өз жобасына берген бағасының негізі қандай сұрағына жауап іздедік. Зерттеу дизайны – аралас әдіс. 2020-2021 оқу жылында сауалнамаға қатысқан студенттер саны – 194. 2021-2022 оқу жылында студенттер арасында фокус группа негізінде үш сұхбат жүргізілді. Қатысушылар саны – 11. Сұхбат сұрақтары сауалнама жауаптарының негізінде құрастырылды. Зерттеу нәтижесі, студенттердің басым көпшілігі, яғни 92% (178) жобаны орындаудың ұнағанын пайымдаған. Фокус группа сұхбатында, топ болып мәселелерді бірігіп шешкендері, қосымша ақпарат іздеу жолдары, студенттер арасында сауалнама өткізу үрдісі қызықты әрі тез өткендігін баяндайды. Қалған 11%

(21) жоба дайындау көңілден шықпады, яғни қиыншылықтар болғанын көрсеткен. Себебін, фокус группа сұхбатында студенттер арасында көп келіспеушіліктер болды, топ арасындағы студенттер ынтасы төмен болды, жұмысты жақсы атқару емес, бәсекелестік сезімі басым болғанын айтты.

Түйінді сөздер: өзіндік баға беру, жоба орындау, жұмыс сапасы, студенттер, студенттер тәжірибесі.

КАЧЕСТВО ВЫПОЛНЕНИЯ ПРОЕКТОВ: ГЛАЗАМИ СТУДЕНТОВ

Ахметова Г.Е.* – PhD, ассоциированный профессор, Карагандинский медицинский университет, г. Караганда, Республика Казахстан.

Али М.Т. – Ассистент профессора, Карагандинский медицинский университет, г. Караганда, Республика Казахстан.

Кафедра истории Казахстана и социально-политических дисциплин продолжает применять инновационные методы обучения для повышения качества обучения студентов. Авторы изучают опыт студентов, их трудности и возможности в рамках выполнения проектов. Для более глубокого исследования этой темы был поставлен вопрос, как студенты оценивают собственные проекты. Авторы решили выяснить причины их уверенности в умозаключении «мы хорошо выполнили проект» и причины заявления «я не удовлетворен проектом». Поэтому, целью исследования было найти ответ на вопрос, что лежит в основе оценки студентами своего проекта. Дизайн исследования – смешанный метод. В 2020-2021 учебном году 194 студента приняли участие в опросе. В 2021-2022 учебном году среди студентов было проведено три фокус-групп интервью. Количество участников – 11. Вопросы интервью формировались на основе ответов анкет. Результаты исследования показали, что подавляющее большинство студентов, 92% (178 человек), восприняли выполнение проекта позитивно. В групповом интервью студенты рассказали о том, как они работали вместе как команда и решали возникающие проблемы, как проводили поиск дополнительной информации, как интересно и быстро они проводили опрос среди студентов. Остальные 11% (21), восприняли выполнение проекта негативно, так как возникли трудности. Причина заключалась в том, что было много разногласий среди студентов, мотивация студентов в команде была низкой, а также преобладало чувство конкуренции между командами, что в свою очередь было помехой для качественного выполнения заданий.

Ключевые слова: самооценивание, выполнение проекта, качество работы, студенты, опыт студентов.

PROJECT WORK QUALITY: THROUGH STUDENTS' EYES

Akhmetova G.Y.* – PhD, Associate Professor, Karaganda Medical University, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

Ali M.T. – Assistant to Professor, Karaganda Medical University, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

The Department of History of Kazakhstan and Social-Political Disciplines continues to employ a variety of innovative teaching methods to improve the quality of students' learning. The authors explore students' experiences, including the challenges they face and the opportunities available to them in the course of project work.

In order to examine this theme in depth, the study focused on students' own evaluation of their projects. Authors decided to explore the point behind the students' confident statement "we did a great job" or "we are unsatisfied." Thus, the aim of the study to scrutinize the meaning behind the students' assessment of their project. This is a qualitative study with mixed-methods design. The total number of survey participants in the 2020-2021 academic year – 194. In the 2021-2022 academic year, three focus group interviews were conducted among 11 students. Focus group interview questions were based on the survey responses. The survey responses have revealed that the majority of students, 92% (178), perceived the project work positively. The focus group interviews highlighted that students interested in a work that they did as a group, sought additional information, and conduct a survey among peers. The remaining 11% (21) perceived the project work negatively, due to some difficulties. There were a lot of disagreements among students, the motivation of the students within the groups was low, and the feeling of competition prevailed, rather than completing the tasks well.

Key words: self-assessment, project work, quality of a work, students, students' experiences.

Кіріспе. Болон үрдісінің параметрлерін жүзеге асыруға сәйкес Қарағанды медицина университеті студенттерді жұмысқа қажетті біліктіліктермен қамтамасыз ету бағытында оқытудың инновациялық тәсілдерін қолдануда. Жаңа әдістермен оқытудың нәтижелері, студенттердің ой-пікірлері, тәжірибеле-

рі, кездестірген қиындықтары жайлы бірнеше мақала жарияланған. Әрине, жаңа оқыту әдістері студенттерге ұнағанымен, оны әлі де болса толықтай меңгеріп, жергілікті студенттердің психологиясы мен оқу тәжірибесіне бейімдей білген жөн. Сол себептен, оқыту барысын зерттеу, жаңа оқыту әдістерінің студенттерге берген ықпалы, әкелген өзгерістері зерттелуге тиіс деп ойлаймыз.

Аталған мақала жоба дайындау арқылы білім беруді зерттеу тақырыбын жалғастырады. Алғашқы зерттеулерде, студенттердің басым көпшілігі жоба дайындауды қызықты және пайдалы деп пайымдаған. Дегенмен, «бәрі жақсы» немесе «бәрі ұнады» деген жауаптар күмән тудыратыны да шындық. Сондықтан, зерттеудің бағытын осы жалпылама айтылатын пайымдардың астарында не жатқанын анықтауға бет бұрдық.

Зерттеу мақсаты – студенттердің өз жобаларын өздері қалай бағалайтынын анықтау. Зерттеу сұрағы: *Студенттердің өз жобасына берген бағасының негізі қандай?*

Зерттеу міндеттері

- 1 Студенттердің сауалнама арқылы өз жобаларына берген бағасын анықтау;
- 2 Сауалнама нәтижесі бойынша туындаған сұрақтарға, фокус-группа сұхбатын жүргізу арқылы, «ұнады» не «ұнамады» сынды бір жақты жауаптарға жан-жақты жауап алу;
- 3 Зерттеу нәтижесі бойынша, келесі жылғы пәнді жүргізу бойынша тәжірибеге тиісті өзгерістер енгізу.

Зерттеу материалдары және әдістері. Бұл тақырыпты талқылау барысында студенттердің білім алу әдеттеріне не ықпал ететініне назар аударамыз.

Оқытушылар студенттер арасында терең оқытуды дәріптеу жолдарын көздейді. Оған апарар жол түрлі болғанымен, әр оқытушы өз амалын қолданады. Медицина студенттері арасында жүргізілген бір зерттеуде, жаңа оқыту тәсілін қолданғанмен, студенттер өздерінің қалыптасқан терең, стратегиялық және шала әдісінде қалған [1]. Алайда, авторлар, қосымша ықпал ететін факторлар қатарына студенттің қызығушылығы, бағаға деген ынтасы, оқу стратегиясы екенін айтады. Шынымен, баға қазіргі таңда Қазақстандық студенттердің бірінші талпындырғышы десек те артық болмас.

Студенттерді бағалау мен олардың білім алуы арасындағы байланыс терең. Себебі, білім сапасы мен бағалау студенттердің білімді болуына, тапсырманы мұқият орындауына, тиянақты әрі жинақы болуына, нәтижесінде олардың өз оқу тәсілін анықтауына ықпалын тигізеді [2]. Бағалау үрдісі ашық әрі түсінікті болса, студенттер өздерінің білім алу нәтижесін жоғарлатқан. Ал, ол өз кезегінде студенттердің терең білім алғандығын көрсетеді. Сонымен, студенттердің бағаға ұмтылысын пайдалана отырып, оларды терең білім алатын жолға жетелеуге болады.

Оқу тәсілдері студенттердің өз жұмыстарын нақты бағалауына да жол ашады. Зерттеушілер тобы, студенттердің өз жұмысын бағалауын да бақылаған. Стратегиялық бағытты таңдаған студенттер өз жұмыстарына нақты баға бере білсе, шала оқу жолын таңдаған студенттер өз жұмыстарын не аз бағалаған не болмаса тым асыра сілтеп мақтаған [3]. Сол себептен, студенттерге стратегиялық оқу барысында бағалаудың шарттары мен тапсырманы аяқтаудың жетістіктерін нақты айтып кеткен жөн.

Студенттерді талмай, ізденіп оқитын жолынан тайдыратын амалдар бар. Жоғары да көрсеткендей баға соның бірі. Мысалы, оқу тапсырмалары дұрыс пайдаланылмаса студенттерге зиянын тигізеді [4]. Студенттерге пән тапсырмасы нақты берілсе, олар тек сол бағытта жүріп, стратегиялық оқудан, шала оқу әдісіне оңай ауысатынын және оқу барысында жаңа әдістермен оқыту, студенттерге дер кезінде кері байланыс беру керектігін айқындаған [5]. Сол себептен, оқу бағытын айқындау жолында студенттердің шала оқу жолына ауысып кетпегенін қадағалаған жөн.

Оқытудың қай түрін дәріптеу студенттердің мамандығына байланысты. Мәселен, өмірдің күнделікті сипатында қолданылатын біліктіліктер терең білімге қарағанда тез арада қолдана алатын стратегиялық әдіс тиімді болуы мүмкін. Маркетинг мамандығы студенттерінің тәжірибесі көрсеткендей, стратегиялық білім алу тәсілі студенттердің өз біліміне қанағаттанғандығын көрсеткен, себебі, олар алған білімін бірден тәжірибеде пайдалана білген [6]. Дәл осы әдіс медицина студенттері арасында да қолдануға болады. Студенттер өз дәрігер оқытушыларына қарап, алған білімін тәжірибеде қолданып, шындалу қажет.

Қорыта келгенде, студенттердің оқу әдістері көп факторлармен байланысты. Олардың бұрынғы білім алу әдеттері, оқу ортасы, оқытушының қолданған жаңа әдістері, студенттердің қызығушылығы, олардың бағалау үрдісін нақты түсінуі. Аталған зерттеу, жергілікті студенттердің оқу әдісіне не ықпал еткенін анықтайды.

Зерттеу дизайны – аралас әдіс тәсілі. Бұл әдістің басымдылығы сандық және сапалық әдістердің құрамасынан тұрады. Ақпараттың негізі сауалнама сұрақтарының жауаптарынан тұрады. Сауалнама тоғыз ашық сұрақтан тұрды. Сауалнамаға жауап алынып болған соң, талдау жасалды. Жауаптар, негізделген теория әдісінің талдауына сәйкес бірінші ашық талдау жүргізілді. Оның негізінде тақырыптар анықталды. Табылған тақырыптар топталып, категорияларға жіктелді. Сонан соң, барлық тақырыптар мен категориялар негізінде, жоба дайындау бойынша жалпы ұғым қалыптастырылды. Талдау нәтижелеріне негізделіп сұхбат сұрақтары құрастырылды [7, 534-535 бб.].

Зерттеу 2020-2021 оқу жылының бірінші курс «Жалпы медицина» мамандығы студенттері арасында жүргізілді. Жалпы студенттер саны – 252, оның ішінде сауалнамаға өз еркімен жауап бергендер

саны – 194 (78%). Зерттеудің екінші бөлімі пандемия аяқталған соң 2021-2022 оқу жылында бірінші курс студенттері арасында жүргізілді. Зерттеу, бір пәннің аясында өткендіктен, сабақ үрдісі мен жоспары бірыңғай оқу бағдарламасына сәйкес болғандықтан, фокус группа сұхбатын ағымдағы жылда өткізгенді жөн көрдік. Фокус группа сұхбатына үш, шағын топқа бөлінген 11 студент қатысты. Сұхбатты жүргізбес бұрын студенттерге олардың зерттеуге қатысу жайлы құқықтары мен зерттеу жайлы ақпарат берілді. Студенттер зерттеуге қатысуға келісім формасына қолдарын қойды.

Зерттеудің шынайылығы, онда негізгі үш әдістің үндестігінде [8]. Яғни, сауалнама арқылы жалпы студенттердің көпшілігі не ойлағанын, жобаны қалай жүзеге асырғанын білдік. Ал, сұхбат жүргізу арқылы, олардың жалпылама берген жауаптарының мәнін зерттедік. Талдау барысында, оқытушының бақылау әдісін қолдана отырып, оқу барысында өткен және жоба қорғалып болған аралықтар студенттердің әрекеттері мен атқарған істері оқытушылардың талдауы мен талқылауынан өтіп отырды. Үш әдістің үйлесімділігі (triangulation), жалпы студенттердің оқу бағдарламасын қалай меңгергендігі, тәжірибелері, және қиыншылықтарын жан-жақты талдап, талқылап, анықтауға бағыттады.

Нәтижелер. Аталған тарауда негізгі үш сұрақтың талдауын көрсеттік. Себебі, сауалнама бойынша респонденттердің басым жауаптары осы сұрақтарда болды. Ол, жауаптарды фокус группа сұхбатының жауаптарымен толығырақ анықтап, мәнін ашуға тырыстық.

Жоба дайындау топтық жұмыста орындалатын болғандықтан, бұл үрдісті студенттер қалай сезінгендігін сұрадық. Сауалнама жауаптары көрсеткендей (Диаграмма 1, қараңыз) 92% респонденттер жоба дайындауды ұнатқанын көрсетеді.

1 диаграмма – Студенттердің жоба дайындау жайлы пікірлері




Фокус группа сұхбатында осы сұрақтың негізін толығырақ ашу мақсатында, «ұнады» деген қалай деп сұрадық. Жауаптар әр түрлі болды. Бірі «анкета деген не екенін түсіндік, балалық шақта ойнап толтыратын анкета ма десек, басқа екен, соны білдік (Фокус группа_1, студент_2, қыз бала)», тағы бір студент «бізде төрт группа болса, біздің ойымызда жеңіп кетейік деген ой болды (Фокус группа_1, студент_1, қыз бала)», «баяндамаларды қалай орындайтынын, оның құрылымын түсіндік, біз келгенде оны білмейтін едік (Фокус группа_1, студент_4, қыз бала)». Фокус группаның екінші тобы «анкетадағы адамдардың ойлары біздің ойлағанымыздан басқа болып шықты, сол қызықты болды (Фокус группа_2, студент_2, ер бала)», «таңдау өз еркімізде болды, ұнаған тақырыпты алдық, бұл біздің өмірдегі практикамыз десек те болады (Фокус группа_2, студент_3, ер бала)», «топтық жұмыста бір бірімізді толықтырып отырдық және бір бірімізді терең тани бастадық (Фокус группа_2, студент_2, ер бала)». Фокус группаның үшінші тобы «болжам жасадық, сол сенің нәтижең сол болжаммен сәйкес келе ма, келмей ме сол қызықты болды (Фокус группа_3, студент_2, қыз бала)», «ертең біз открытие жасасақ оны осындай формада, осындай түрде балаларға немесе өзімізге ашуға өте осындай пайдасын тигізеді деп ойлаймын (Фокус группа_3, студент_1, қыз бала)», «осы пәнде екі модуль бар, бірінші модульде бағам төмен болғандықтан, осы пән арқылы өз бағамды көтеріп алдым (Фокус группа_3, студент_3, ер бала)».

Көріп отырғанымыздай, жоба дайындау немесе зерттеу жүргізу «ұнады» деген пікірдің астында түрлі себептер жатыр. Ол қарапайым топта бір-бірін түсінуден бастап, адамдармен жұмыс жасау, пікірлерін талдау, одан қорытынды шығара білу және сол ақпаратты жинақтап құрылымды түрде қорғаудан, бағаны көтеруге дейін. Әрине, жұмыстың орындалу барысында бұл үрдіс мүлде кіршіксіз болып көрінбеді. Оқытушының бақылауы кезінде, топтар арасында болып жатқан кикілжіңдер байқалып, олар дер кезінде ретке келтірілді. Бұл форматтағы жұмыстың студенттерге ұнайтыны, басқа пәндер әлі де болса дәстүрлі түрде жүргізілуінде. Ол медицина саласының ағылшын тілінде *hard science*, яғни жаратылыстану ғылымдар саласында негізгі мағлұматты жаттап алу керек болғандықтан. Басқаша айтқанда, адамның дене құрылымын, қан құрамын және тағы да басқа адамды емдеу мүмкіндігіне шешім қабылдайтындай ақпараттарды нақты білу. Ал, осы пән арқылы студенттер өз ұнаған тақырыптарын зерттеп, топта пікір алмасып, сұхбат жүргізу арқылы бір еркіндікті сезінді. Сол себептен

болар, басым көпшілігіне жоба дайындау ұнаған. Жоба жасау ұнамаған студенттерге келетін болсақ, олар топтық жұмыстан гөрі жеке жұмыс орындау дұрыс деп көрсеткен. Бұл жауаптың сыры, келесі сұрағымыз, кездескен қиыншылықтармен байланысты. Жаңашыл түрде өткізілген оқу әдіс түрі қиыншылықсыз болмады. Сауалнама жауаптарына жүгінсек, 11% студенттер қиналғандықтарын білдірген. Амалын тауып, тапсырманы орындаған студенттердің жауаптарын екінші диаграммадан көріп тұрсыздар (Диаграмма 2, қараңыз). Фокус группа сұхбатында, студенттерден қандай жағдайлар қиыншылық тудырғанын сұрастырдық.

2 диаграмма – Студенттердің тапсырмаларды орындауы және қиындықта



Бірінші топ, «кейбір топта бір адам істесе, қалғандары сеніп қалады кейін «болды мен бұл пәнді істемей-ақ қояйын» деп отырған жағдайлар болды (Фокус группа_1, студент_1, қыз бала)», «қорғау кезінде, как-будто топпен жасаған жұмыс сияқты болып қалады да, ал бір-ақ адам істеген, ол оған да ауыр тиеді, неге мен ғана істедім, баға ортақ, аз балл алып қалады, ал басқалары ренжиді неге аз балл алдық деп, на самом деле, олар ол қандай еңбекпен істелінгенін білмейді (Фокус группа_1, студент_2, қыз бала)». Екінші топ, «төрт адамның арасында ұйымшылдықтың болуы арқасында біз жақсы жоба қорғай алдық (Фокус группа_2, студент_3, ер бала)», «бізде бір келіспегені тек уақыт, әр адамның күнделікті планы, шаруасы болады ғой, шаруасы болғаннан кейін бізде уақыт келісе бермейді, сондай уақыт бойынша бір-біріміздің күнтізбеміз келіспегені болмаса, бәрі жақсы болды (Фокус группа_2, студент_3, ер бала)». Үшінші топ, «Наверное потому что, бізде еще басқа пәндер бар, на-пример, анатомия, физиология секілді и осындай, көбіне творческий сабақ дейді ғой бұны, и твор-ческий сабаққа сенің творчестваң жету керек те, ал анатомия, физиология, гистология деген сабақтар сенің энергияңды жеп қояды и мына сабаққа мен опустошенный болып келесің, и то аптасына бір рет (Фокус группа_3, студент_1, қыз бала)».

Қиыншылықтар тізбегі де түрлі, уақыт, қажетті пәндердің орны мен жеке бас жауапкершілігі. Үшінші себеп, шетел оқыту технологиялары сол орынның менталитетіне лайық екенін көрсетеді. Ал, жергілікті менталитет, басқа адамға ауыртпашылық түсірмеу дегенді әлі қолдана алмауда. Бұл әрине парадигманың ауысуымен тікелей байланысты. Оған уақыт қажет. Ол туралы студенттер де атап өтті, яғни, оқуды емес басқа шаруаларды алға қойып, басқа адамдар жайлы ойланбауда. Келесі себеп, ол медицина пәндері деп отыр, бұл тағы да оқу бағдарламасын тұтастай қабылдамай, тек медицинаға ғана бой бұру. Бұл жағдай сапалы және жан-жақты мамандар даярлаудың жолында тұрған тосқауыл. Яғни сапалы дәрігер, тек өз жұмысын ғана біліп қоймай, адамдармен қарым-қатынасын ғылым, саясат, әлеумет саясында да белсенді іске асырады. Әлі де зерттелмеген, сыры ашылмаған 13% жауабымыз бар, оған студенттер жауап бермеген, не себептен, қандай сыр жатқаны беймәлім.

Қиыншылықтар арқылы адам жаңа белестерді таниды, өз күшін түсінеді, жаңа бағдар алады. Жаңа жобалар қорғалып болған соң, бұл жолды абыроймен өткендіктен, студенттердің келесі жобасы қандай болар екен деген сұрақ туындады. Әдеттегідей, алғашқыда берілген сұрақтарды қалдырдық. Сауалнама нәтижесі бойынша 80% берілген тақырыптарды таңдаған, тек 15% жаңа тақырыптарды таңдаған (Диаграмма 3, қараңыз). Бұл әлі де болса, таңдау еркіндігін, шығармашылық түрде ойлау құзыретінің қалыптаса қоймағанын байқатады. Дегенмен, аз уақыт аралығында, не бары он кездесу барысында жоба жасап, қорғап шығу, әрине өте ауыр. Олардың тапсырмаларды ой елегінен өткізуге, өздігінен талдау жасауға, не үйрендім деп толғанатын уақыты болмайды. Әрине, орындалған жұмыс нәтижесі студенттерді жаңа оқу әдістерімен қамтамасыз етті деген ойдамыз.

Қорыта келгенде, сауалнама жауабы студенттердің басым көпшілігіне (92%) жоба дайындау ұнағанын көрсетті. Сұхбат нәтижелері, оның түрлі себептерін анықтады. Атап айтқанда, сауалнама жүргізу, болжам мен нәтиженің сәйкестігін бақылау, топтық жұмысты бірігіп атқару сынды. Дегенмен, респонденттердің аз бөлігіне (11%), топтық жұмыс ұнамаған, керісінше жеке жұмыс орындауды дұрыс көрген. Қиыншылықтар қатарына, күнтізбенің түрлілігі, медицина пәндерін жоғары қою, және студент-тің жоба дайындау барысындағы дара қосатын үлесі, яғни жауапкершілігі делінген. Жоба дайындау студенттерде түрлі құзыреттіліктерді қалыптастырады. Дегенмен, жаңа тақырып таңдауда, шығарма-шылық қабілет тек студенттердің аз бөлігінде (15%) байқалған.

3 диаграмма – Жаңа жобаның бағытын анықтау



Талқылау. Түрлі зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студенттердің оқу әдісі түрлі факторлаға байланысты. Оған осы зерттеуде табылған бағаны жақсарту, тапсырманы орындап шығу жатады. Осылай бұл нәтижелер шетел зерттеушілерінің пікірімен сай келеді [2; 4].

Аталған зерттеуде студенттердің басым бөлігі жоба дайындауды ұнатқан. Осы зерттеу нәтижесі басқа зерттеушілердің үлгерімі жоғары студенттер оқу барысында аса белсенділік танытады, ал үлгерімі төмен студенттер жұмысты жеке дара орындағанды жөн көреді деген қорытындысымен сәйкес келеді.

Студенттер пән тапсырмаларын орындау барысында, медицина пәндерін оқуды жоғары қойған. Бұл әлі де болса, медицина студенттерінің бағдарламаны фрагмент арқылы қабылдайтынын, медицина саласын әлеуметтік саламен байланысын нақты түсіне қаймағанын көрсетеді. Әрине, шетел зерттеушілері медицина мен әлеуметтік саланың тығыз байланысына күмән тудырмайды, керісінше оны қолдайды. Аталған зерттеу нәтижесі бұл пікірге қарама қайшы болып отыр. Яғни, осы тарап бойынша студенттермен жұмыс жүргізу керек.

Оқу әдісінің ауыспағаны студенттердің бастапқы курстарды үлкен топтарда оқуына байланысты. Олар аз ғана топпен шектелгеніне қарамастан, жобаны үлкен топтың арасында қорғауға бағытталған. Сол себептен, үлкен топта орындалған жобада студенттер өзара бәсекелестікке ұмтылған, жоба аяқталған соң жаңа тақырып табуға қиналған. Шетел зерттеушілері, студенттердің оқу тактикасы егер тапсырма шағын топта орындалса өзгертетінін анықтаған.

Зерттеу нәтижесі арқылы алдағы оқу жылында студенттердің басынан кешкен қиыншылықтары ескеріліп, оқу барысына жаңа әдістер енгізілді. Атап айтсақ, бірінші күнен студенттер тақырыпты өздері ұсынады. Тақырып аясы, студенттер университет қабырғасында кездесін қиыншылықтары, яғни, кітапханада, жатақханада, оқу бағдарламасында қиындық тудыратын мәселелерді анықтайтын болады. Екінші күні, жоба жоспарын құру барысында, әр студент өзіне тиесілі тапсырмасын алады, яғни орындалатын тапсырма қатысушылар арасында тең үйлестіріледі. Мысалы, әдебиетке шолу жасау мақаласын әр студент жеке іздейді, жеке оқып, талдайды. Сол сияқты, сұхбат жүргізу, оны талдау, транскрип дайындау әр студентпен жеке орындалатын болады. Презентация жасау да, жобаның тарауларына сәйкес, әр студент бір бөлігіне жауапты болды, мысалы, кіріспе бөлімі, негізгі бөлім (тараулардан тұрады) және қорытынды. Осылайша, студенттерге тапсырманы нақты беру арқылы, олардың арасында туындаған өзара келіспеушілік пен бәсекелестік сезімін бәсеңдетуге әкеледі деген ойдамыз. Сондай-ақ, студенттер өз үлестерін, жобатапсырмаларын жеке орындау арқылы қоса отырып, топтық жұмыстың маңызын түсінеді.

Қорытынды. Қорытындылай келгенде, студенттер өз жобаларын жоғары деңгейде орындап шықтық деп санайды. Оларға ықпал еткен фактор оқытушы көмегі, интернет, кітаптар, топтық жұмыс пен тақырыптарына деген қызығушылықтары. Тежеуші факторларға кей студенттердің белсенділікті аз танытуы, не мүлде қатыспауы, күнтізбенің келіспеушілігі. Студенттерді әлеуметтік пәндердің медицина саласында жүргізілуі, пән арасында қандай тапсырманы бірінші орындау жөніндегі тандау медицина пәндеріне берілген.

Зерттеудің кемшілігіне, фокус группа сұхбатына студенттер санының аз болуы. Бұл жазғы сессияның басталуына байланысты, студенттердің басым бөлігі емтихан тапсырды. Дегенмен, келешекте, фокус группа сұхбатына студенттерің санын көбейтіп, олардың пікірін тереңнен талдауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Ananth V., Narayanan S., Asokan A. Role of Learning Approach in Determining Learning Outcome During Active and Passive Learning Sessions in Pharmacology [Text] / V. Ananth, S.

Narayanan, A. Asokan // *Indian Journal of Pharmaceutical Education and Research*. – 2021. – Vol. 55. – Iss. 2. – P. 379-384. DOI:10.5530/ijper.55.2s.109.

2 Leeuwenkamp K., Brinke D., Kester L. **Students' perceptions of assessment quality related to their learning approaches and learning outcomes** [Text] / K. Leeuwenkamp, D. Brinke, L. Kester // *Studies in Educational Evaluation*. – 2019. – Vol. 63. – P. 72-82. <https://doi.org/10.1016/j.stueduc.2019.07.005>.

3 Ohrstedt M., Lindfors P. **First-semester students' capacity to predict academic achievement as related to approaches to learning** [Text] / M. Ohrstedt, P. Lindfors // *Journal of Further and Higher Education*. – 2019. – Vol. 43. – Iss. 10. – P. 1420-1432. <https://doi.org/10.1080/0309877X.2018.1490950>.

4 Barnard M., Whitt E., McDonald S. **Learning objectives and their effects on learning and assessment preparation: insights from an undergraduate psychology course** [Text] / M. Barnard, E. Whitt, S. McDonald // *Assessment & Evaluation in Higher Education*. – 2021. – Vol. 46, Iss. 5. – P. 673-684. <https://doi.org/10.1080/02602938.2020.1822281>.

5 Uiboleht K., Karm M., Postareff L. **Relations between students' perceptions of the teaching-learning environment and teachers' approaches to teaching: a qualitative study** [Text] / K. Uiboleht, M. Karm, L. Postareff // *Journal of Further and Higher Education*. – 2019. – Vol. 43, Iss.10. – P. 1456-1475. <https://doi.org/10.1080/0309877X.2018.1491958>.

6 Faranda W.T., Clarke T.B., Clarke III I. **Marketing Students Perceptions of Academic Program Quality and Relationships to Surface, Deep, and Strategic Learning Approaches** [Text] / W.T. Faranda, T.B. Clarke, I. Clarke III // *Journal of Marketing Education*. – 2021. – Vol. 43, Iss. 1. – P. 9-24. <https://doi.org/10.1177/0273475320939261>.

7 Creswell J. **Educational Research: planning, conducting, and evaluating quantitative and qualitative research (4thEds.)** [Text] / J. Creswell. – Boston, MA: Pearson, 2012. – 673 p.

8 Howell K.E. **Reliability, Generalization and Reflexivity: Identifying Validity and Trustworthiness**. In K.E. Howell (Eds.). *An Introduction to the Philosophy of Methodology* [Text] / K.E. Howell. – Sage Publications Ltd., 2015. – P. 182-192 <https://dx.doi.org/10.4135/9781473957633>.

REFERENCES:

1 Ananthy V., Narayanan S., Asokan A. **Role of Learning Approach in Determining Learning Outcome During Active and Passive Learning Sessions in Pharmacology**. *Indian Journal of Pharmaceutical Education and Research*, 2021, vol. 55, no. 2, pp. 379-384. <https://DOI:10.5530/ijper.55.2s.109>.

2 Leeuwenkamp K., Brinke D., Kester L. **Students' perceptions of assessment quality related to their learning approaches and learning outcomes**. *Studies in Educational Evaluation*, 2019, vol. 63, pp.72-82. <https://doi.org/10.1016/j.stueduc.2019.07.005>.

3 Ohrstedt M., Lindfors P. **First-semester students' capacity to predict academic achievement as related to approaches to learning**. *Journal of Further and Higher Education*, 2019, vol. 43, iss.10, pp.1420-1432. <https://doi.org/10.1080/0309877X.2018.1490950>.

4 Barnard M., Whitt E., McDonald S. **Learning objectives and their effects on learning and assessment preparation: insights from an undergraduate psychology course**. *Assessment & Evaluation in Higher Education*, 2021, vol. 46, iss. 5, pp. 673-684. <https://doi.org/10.1080/02602938.2020.1822281>

5 Uiboleht K., Karm M., Postareff L. **Relations between students' perceptions of the teaching-learning environment and teachers' approaches to teaching: a qualitative study**. *Journal of Further and Higher Education*, 2019, vol. 43, iss. 10, pp. 1456-1475. <https://doi.org/10.1080/0309877X.2018.1491958>.

6 Faranda W.T., Clarke T.B., Clarke III I. **Marketing Students Perceptions of Academic Program Quality and Relationships to Surface, Deep, and Strategic Learning Approaches**. *Journal of Marketing Education*, 2021, vol. 43, iss. 1, pp. 9-24. <https://doi.org/10.1177/0273475320939261>.

7 Creswell J. **Educational Research: planning, conducting, and evaluating quantitative and qualitative research**. Boston, MA: Pearson, 2012, 673 p.

8 Howell K.E. **Reliability, Generalization and Reflexivity: Identifying Validity and Trustworthiness**. *An Introduction to the Philosophy of Methodology*. Sage Publications Ltd., 2015, pp. 182-192 <https://dx.doi.org/10.4135/9781473957633>.

Авторлар туралы мәліметтер:

Ахметова Гүлдана Егеубаевна* – PhD, қауымдастырылған профессоры, Қазақстан тарихы және әлеуметтік саяси пәндер кафедрасы, Қарағанды медицина университеті, Қазақстан Республикасы, 100008 Қарағанды қ., Гоголь көш. 40, тел.: 87778902811, e-mail: g.y.akhmetova@gmail.com.

Әли Меруерт Төлеуханқызы – ассистент профессоры, Қазақстан тарихы және әлеуметтік саяси пәндер кафедрасы, Қарағанды медицина университеті, Қазақстан Республикасы, 100008 Қарағанды қ., Гоголь көш. 40, тел.: 87076476497, e-mail: milyalieva@gmail.com.

Ахметова Гулдана Егеубаевна* – PhD, ассоциированный профессор, кафедра истории Казахстана и социально-политических дисциплин, Карагандинский Медицинский Университет, Республика Казахстан, 100008, г. Караганда, ул. Гоголя 40, тел.: 87778902811, e-mail: g.y.akhmetova@gmail.com.

Али Меруерт Толеухановна – ассистент профессора, кафедра истории Казахстана и социально-политических дисциплин, Карагандинский Медицинский Университет, Республика Казахстан, 100008, г. Караганда, ул. Гоголя 40, тел.: 87076476497, e-mail: milyalieva@gmail.com.

Akhmetova Guldana Yegeubayevna* – PhD, Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan and Social Political Disciplines, Karaganda Medical University, Republic of Kazakhstan, 100008, Karaganda, 40 Gogol Str., tel.: 87778902811, e-mail: g.y.akhmetova@gmail.com.

Ali Meruert Toleukhankyzy – Assistant Professor of the Department of History of Kazakhstan and Social Political Disciplines, Karaganda Medical University, Republic of Kazakhstan, 100008, Karaganda, 40 Gogol Str., tel.: 87076476497, e-mail: milyalieva@gmail.com.

XFTAP 14.35.09

ӨОЖ 378.147:004.85

<https://doi.org/10.52269/KGTD253254>

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ФАСИЛИТАТОРЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУҒА ДАЯРЛАУ

Әмірбеков А.А.* – докторант, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Әмірбекұлы А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, математика кафедрасының доценті, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада заманауи мектептегі оқу процесін, мектеп түлегі кез-келген дағдарыстық жағдайдан шығуға қабілетті интеллектуалды полисубъект болып қалыптасатындай етіп жетілдіру, мемлекеттің, зерттеушілердің және практиктердің назар аударуын талап ететін жаңа, әрі белсенді дами бастаған мәселе болып табылатындығы атап өтілген. Білім жүйесіне “интеллектуалды полисубъект”, “педагог-фасилитатор” ұғымдарының енгізілуі, мамандар даярлау мәселесіне жаңа көзқараспен қарауды, оқыту процесіне жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізуді талап етеді. Алайда, қазіргі кезде ChatGPT және Copilot технологияларын қолдану мен болашақ педагогтарды даярлау нәтижелері арасындағы байланыс назардан тыс қалуда. Осыған байланысты болашақ педагог-фасилитаторды педагогикалық мәселелерді шешуде жасанды интеллект технологиясын қолдануға дайындау проблемаға айналып отыр. Мақалада педагог-фасилитаторларды педагогикалық мәселелерді шешуге ChatGPT және Copilot технологияларын пайдаланып шешуге даярлаудың құралдары мен әдістері сипатталған. ChatGPT және Copilot-ты пайдаланудың негізгі идеясы педагог-фасилитаторларды даярлау процесін тиімді іске асыру үшін қажетті ақпаратты жинау болып табылады. Бұл мектеп математикасының проблемалық-танымдық тақырыптарын терең түсіну және құрылымдау негізінде, оқытудың күтілетін нәтижелерінен міндетті нәтижелеріне көшуге мүмкіндік береді. Осылайша болашақ педагог-фасилитаторды даярлау сапасы айтарлықтай артады.

Түйінді сөздер: педагог, фасилитатор, педагогикалық мәселе, өзара әрекеттесу, жасанды интеллект, ChatGPT, Copilot, фасилитатор даярлау.

ПОДГОТОВКА БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА-ФАСИЛИТАТОРА К ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ТЕХНОЛОГИИ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В РЕШЕНИИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ЗАДАЧ

Амирбеков А.А.* – докторант, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Амирбекулы А. – кандидат педагогических наук, доцент кафедры математики, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, г. Шымкент, Республика Казахстан.

В статье отмечено, что совершенствование учебного процесса в современной школе построено таким образом, чтобы выпускник школы формировался интеллектуальным полисубъектом, способным выйти из любой кризисной ситуации, что является новой и активно развивающейся проблемой, требующей внимания государства, исследователей и практиков. Внедрение в систему образования понятий “интеллектуальный полисубъект”, “педагог-фасилитатор” требует нового